




ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Құқықбұзушылық (екінші бөлім)





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық (екінші бөлім)

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

1977 жылдың Патенттер туралы заңының 60(1) бөлімінде көрсетілген рұқсат етілмейтін қызметтен басқа, егер тұлға бұзушылыққа ықпал етсе, алайда осындай бұзушылықта тікелей қатыспаған бола, патент бұзылған деп есептелетінін де қарастырады. Бұл өндіруші немесе пайдаланушының кім екенін анықтау қиын болған жағдайда (мысалы, өндіру немесе пайдалану жеке тәртіпте болған жағдайда) немесе сот тәртібінде қудалау оған тұрмайтын жағдайда ерекше маңызды. Өнімге берілген патент иегері ие болатын тағы бір маңызды құқық – бұл өнімді сату (немесе тарату) құқығы.

60(2) бөлімінде егер тұлға өнертабысты өмірде іске асыру мақсаттары үшін өнертабыстың маңызды элементіне қатысты кез-келген құралдарды жеткізсе немесе ұсынса, онда патентті бұзады делінген. Осылайша, А және Б атты екі химиялық заттектердің комбинациясынан дайындалатын желімге берілген патент, А заттегін не Б заттегін олардан желім жасайтын тұлғаға жеткізуді жүзеге асыратын тұлғамен бұзылуы мүмкін. Апелляциялық сот Біріккен Корольдікте интерактивті өнертабысты қолданысқа енгізу нені білдіреді деген мәселені қарастырды. Қарастырылып отырған патент басты компьютер, терминалдық компьютерлер және көмегімен жүйені басқару жүзеге асырылатын бағдарламалық жасақтамадан тұратын ойын жүйесіне берілген болатын.

Өнертабысқа иелік етудің жалпы құқығының бөлігі болып табылатын сатуға берілген құқық бөлек өнімдерді сатудан тұрады. Осы ереже өз қызметтерінде патент иегерінің құқығын бұзбай, өнімді пайдалануға ынтасы бар тұлғаларға патенттелген тауарды сату жағдайларын да қамтиды (мысалы, өнімді эксперименттік мақсаттарда қолдануға ниетті қандай да бір тұлғаға сату). Егер тұлға өнімді жиынтықта жеткізсе, онда патент иегерінің өнімге иелік ету құқығы бұзылады. Барлық құқық бұзушылық әрекеттер жағдайы сияқты, жиынтық та шағымдар көлеміне кіруі қажет. Егер жиынтық шағымдар шегінен ішінара шығатын болса, патент иесі, жиынтықтарды сатуға жол бермес үшін, өзінің арызында патентті жанама бұзушылықты немесе патентті бұзуға жәрдемдесуді желеуретуі қажет. Бұл сұрақтар кейіннен қарастырылады. Ұйғарынды лицензиялар және патенттік құқықтарды түбегейлі пайдалану Патент иегерінің патенттелген өнімді пайдалану тәсілін бақылау қабілеті ұйғарынды лицензия туралы жалпы құқық доктринасымен және ЕО заңнамасына сәйкес әзірленген патенттік құқықтарды түбегейлі пайдалану доктринасымен шектелген. Ұйғарынды лицензияның доктринасына сәйкес, қарама-қарсылық туралы қандай да бір шектеулер болмаса және егер патент иегері патенттелген өнімін сататын болса, ол өнімді қайта сатудың алдын алу мақсатында мұндай патентке сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Патент иегерінің ерекше құқығы, сондай-ақ, құқық бұзушының өнімді сатуға ұсыну немесе иеліктен басқаша шығару мақсатында өнімді сақтайтын жағдайларға таратылады. British Airways компаниясы іске иегердің өнімді сақтау құқығын бұзу негізінде құқықтарды бұзу туралы арыз бойынша жауапкерлердің бірі ретінде тартылды. Шешімді British Airways компаниясының пайдасына қабылдай отырып, сот Лондондағы қоймада патенттелген препаратты пассивті сақтау «өнімді сақтау» ретінде 60(1) бөлімде келтірілген мағынасына сай түсіндірілуі мүмкін емес деп бекітті.

Сот «сақтау» терминінің белгілі бір мағынасына келуден бас тартты, себебі баламалы тұжырымдау патенттелген тауардың «тауар қорларын сақтауға» жатқызылатын Патент жөніндегі қауымдық Конвенцияның (СРС) 29(а) бабында пайдаланылатын «аса шектеулі» терминдердің едәуір ықпалы болды. Патент иегері өнімді нарықта орналастырған кезде, кез-келген тұлға ұйғарынды лицензия теориясына сәйкес жауапкершіліктен босатылатын болады. Биотехнология бойынша директиваны дайындау аясында биотехнологиялық өнертабыстарды қорғау көлемімен байланысты сұрақтар туындады. 1977 жылғы Патенттер туралы Заңда көрсетілген баптарды ескерумен түзетулер енгізілген. 60 Биологиялық өнімге берілетін патенттерді қорғау көлемі Директиваның 8(1) және 9 баптарында қарастырылады.

8(1) бабына сәйкес биологиялық материалға патентпен қамтамасыз етілген қорғау (нақты сипаттарға ие) қарастырылып отырған биологиялық материалдан сол немесе өзге формада өсіру немесе көбейту жолымен алынған кез-келген биологиялық материалға таратылады.

Бапта генетикалық ақпараттан тұратын патентке қатысты көзделген қорғау өнім ішіне енген немесе құрамында қарастырылып отырған функцияны орындайтын генетикалық барлық материалдарға таралады ((5(1) бапта көзделген жағдайлардан өзгесінде).

«Тікелей» байланыс нені түспалдайтыны туралы мәселе Апелляциялық сотпен Pioneer Electronics v. Warner Music ісінде қарастырылған болатын. Аталған іс бойынша патенттелген процестің жанама өнімі болып табылатын оптикалық дискілерді жауапкер Біріккен Корольдікке импорттағаннан кейін, шағымданушы компакт-дискілерді дайындау тәсіліне берілген өзінің технологиялық патенті бұзылды деп мәлімдеді.

Патенттік құқықтардың бұзылуының орын алмау фактісін анықтау кезіндегі түйінді фактор – негізгі



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық (екінші бөлім)

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

дискілерді дайындау түпкі оптикалық дискілерді өндірудің бастапқы кезеңі ғана болғаны.

Тікелей байланыс нені тұспалдайтыны туралы сұрақ сондай-ақ Monsanto v. Cargill ісінде қарастырылған болатын. Осы істің барысында Monsanto компаниясы Аргентинада өндірілген соя жомының партиясын Біріккен Корольдікке импорттай отырып, Cargill компаниясы Раундап гербицидіне тұрақты Monsanto соя бұршақтарына алған патентін бұзды деп мәлімдеген еді, өнертабыс формуласының негізгі тармағы – «генетикалық түрлендірілген өсімдіктерді алу тәсілінде» еді. Алайда, егер өнім «өзінің айрықша қасиеттерін жоғалтатын болса және түрі өзгертін болса», ол тікелей алынған деп есептелмейді. Monsanto компаниясының патентінде көрсетілген тәсілдің соя жомын импорттау нәтижесінде бұзылғаны туралы мәселені қарастыра отырып, судья Памфрей тәсілге берілген патенттік формула ДНҚ рекомбинантты молекуласын өсімдік клеткасының геномына енгізілген сипаттамаларымен бірге бөліп шығарып, қайта салуында деп мәлімдеді.

Жауапкер патент иегерінің бақылауына түсетін әрекеттердің қандай да біреуін жүзеге асыру/асырмауын анықтау кезіндегі түйінді сұрақ – патент тұжырымдасын түсіндіру әдісі болып табылады.

Мысалы, кез-келген тұлға патенттелген өнертабысты рұқсатсыз өндірсе немесе сататын болса, ол құқық бұзушы болып есептеледі. Бұл жағдайда болжалды бұзушының субъективті қатынасының мәні болмайды, яғни ол патенттелген өніммен ісі барын білді ме, жоқ па – маңызды емес.

Мысалы, ескі затты пайдаланудың жаңа түрлеріне әрекеттену дәл сол затты пайдаланудың оның алдындағы түрлерінен физикалық тұрғыда ерекшеленетіндіктен, онда осы затты одан кейінгі берілген патентті бұзбай, одан да ескі тәсілмен пайдалануды жалғастыруға болады. Алайда пайдаланудың жаңашылдығына берілетін патенттермен байланысты проблемалар туындауы мүмкін. Бұл, патенттің бұзылуын анықтау мақсатында танымал амалмен пайдаланылатын танымал өнім, пайдаланудың алдыңғы түрімен физикалық тұрғыда ұқсас жаңа мақсат үшін қолданылуы мүмкін екендігін анықтаумен байланысты, бұл жағдайда пайдаланудың осы екі түрінің арасындағы жалғыз айырмашылық – пайдаланушының субъективті қатысында.

Пайдаланудың жаңашылдығына берілетін патентпен қорғалатын физикалық әрекеттер алдыңғы пайдалану процесінде қабылданғандарға ұқсас болатынын ескере отырып, егер әлдекім қандай да бір ескі заттекті ескі амалмен пайдаланатын болса, онда мұндай заттектің ескі немесе жаңа мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылуын анықтаудың ешқандай айқын амалы жоқ.

Пайдаланудың жаңашылдығына берілген патенттерге қатысты тікелей жауапкершілікті анықтау күрделілігін ескеретін болсақ (бұл мәселе алдында қарастырылған), жанама жауапкершілік одан да үлкен мағынаға ие болады.

60(1) және 60(2) бөлімдерінде жазылған құқықтардан басқа, патент иегерлері сондай-ақ 1977 жылғы Патенттер туралы заңының аясынан тыс қолданылатын ережелердің шектеулі көлемін қолдана алады.

Егер қандай да бір тараптың іс-әрекеттері патент құнына теріс ықпал етсе және осындай әрекеттер 60(1) немесе 60(2) бөлімдерінің аясынан шығып қалса, аталған ережелер айрықша мәнге ие болады.

Заңға негізделмеген және патент иегері қолдануы мүмкін ең маңызды механизм құқықтарды бірлесіп бұзу концепциясы болып табылады. Бұл механизм бойынша тараптардың әрекеттері 60 бөлімнің әрекет ету аясына түспейтін болса да, егер патент иегері үшінші тарап 60 бөлімге сәйкес заңмен бекітілген құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершілік көтеретін тараппен бірлесіп әрекет еткенін дәлелдей алса, үшінші тарапты патенттің бірлескен бұзушысы ретінде жауапкершілікке тарта алады (бұл жағдайда олар патент иегеріне бірлесе отырып залал келтіргенін дәлелдеуі қажет). Тарапты бірлескен құқық бұзушы ретінде жауапкершілікке тарту үшін, мұндай тарап «өзіне жауапкершілік алатындай деликт жасауға соншалықты қатты килігуі керек».

Яғни 1977 жылғы Заңда келтірілген құқықтардан тыс, заңнама заңсыз байытудың талап қоюға жеке негіздеме болып табылатынын мойындады.

Жауапкер 1977 жылғы Заңның 60 бөлімінде келтірілген әрекеттердің біреуін жүзеге асырғаны белгілі болғаннан кейін, мұндай әрекеттің патентпен қарастырылған қорғауға жататынын анықтау керек.

Қорғау көлемін белгілеуде 2000 жылғы Патент жөніндегі Еуропалық Конвенцияның 69 бабына сәйкес келетін (бұрынғы ЕРС 1973ж. 69-бабы) 1977 жылғы Патенттер туралы Заңының бөлімі негізге алынады. 120 Осы бөлімге сәйкес патент бойынша қорғау дәрежесі «жағдайға байланысты өтінім немесе патенттегі өнертабысты сипаттау формуласында көрсетілгенмен (сипаттамадағы кез-келген сызбаны қоса алғанда) бірдей болуы қажет».

Патенттелген өнертабыстың көлемі анықталғаннан кейін, оны жауапкердің патентті бұзуы ықтимал процесімен немесе өнімімен салыстыру қажет.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық (екінші бөлім)

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Егер шағымданушының өнертабысы мен жауапкердің патентті бұзуы ықтимал өнімі немесе процесінің арасында айтарлықтай айырмашылық болса, бұл патенттің бұзылуы орын алмағанын білдіреді.

Ал егер екі нысан ұқсас болса, онда жауапкер патентті айқын түрде бұзғаны. Сондай-ақ, жауапкер патенттелген өнертабысты одан да ауқымды процеске немесе іске ендіретін болса да, патентті бұзды деп есептеледі.

Жауапкер патенттелген өнімді бөлшектеп немесе жиынтықта жеткізуді жүзеге асырған жағдайда да, патентті бұзатыны айқын. Алайда, егер тұтынушы өзінің өнертапқыштық шеберлігін көрсетіп, жиынтық бөліктерін біріктірсе, онда жауапкер патентті бұзбайды.

Келтірілген жағдайлар айтарлықтай қарапайым болғанымен, патенттелген өнертабыс пен жауапкердің патентті бұзуы ықтимал өнімінің арасында болар-болмас айырмашылық болған кезде қиындық туындайды.

Мәселен, егер жауапкер патенттелген өнертабысқа қандай да бір бөлшек қосудың орнына, патенттелген өнімнің бөлшегін өзінің өнімінде немесе процесінде өзгертіп немесе пайдаланбаған жағдайда және осы негізде оның өнертабысына айрықша құқық әрекеті таралмайды деп мәлемдеген кезде туындайды. Сондай-ақ, егер жауапкер өнертабыстың бір бөлшегіне өзгертулер енгізіп немесе патенттелген өнертабысқа тән болатын түпкі нәтижеге қол жеткізу үшін басқа құралдарды пайданатын болса да, мәселелер туындауы мүмкін.

Патенттік құқықтағы қорғау көлемін анықтау тәсілін белгілеу кезінде таңдау қажеттілігі туындайды.

Ең қарапайым әрі тура әдіс – патент тұжырымдамасын қатаң (немесе сөзбе-сөз) түсіндіру болып табылады.

Бұл жағдайда патент иегерін қорғау көлемі өнертабыс формуласының тармақтарында көрсетілгенмен шектеледі.

Мысалы, осы тәсілді қолдану кезінде патенттелген өнімдегі бұрыш 90 градусқа тең болуы қажет деп көрсетілген патент егер өнімдегі бұрыш 89 немесе 91 градусқа тең болса, бәсекелеспен бұзылмайды.

Басқаша айтқанда, соттар патент иелеріне «қара ниетті көшірушілердің өнертабысқа ешнәрсе қоспағанымен, өнертабыс формуласынан асып кетуіне жеткілікті және заң әрекетіне ілінбейтін мардымсыз өзгертулер немесе ауыстырулар [енгізуіне]» кедергі келтіру мақсатында өздерінің айрықша құқықтарын өнертабыс формуласының мәтінін қатаң түсіну аясынан кеңейтуге рұқсат берді. Алайда, қорғау көлемін өнертабыс формуласын қатаң түсіндіру шегінен асыра кеңейту туралы шешім патент иелерін өнертабыстың қандай да бір инновациялық аспектісінің түрін өнертабыс формуласын сөзбе-сөз оқу шегінен шығара өзгертетін қара ниетті бәсекелестерден қорғауға кепіл бергенімен, патент иегерлері олар лайық болатыннан гөрі (ойлап шығарған зат тұрғысынан) қорғаудың одан да көбірек көлемін алуына себепші болуы мүмкін.